

 NAZARBAYEV UNIVERSITY	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы		
	Бекіткен орган:		Провост
«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Магистратура бағдарламаларының дайындық жылына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер			
Бекітілген күні:	10.12.2018ж.	Күшіне енгізілген күні	10.12.2018
Шешімнің/хаттаманың №:	№ 77-н/қ		
ІНҚ жіктеуші:	2.8 Academic Policies and Procedures		
Бастамашы:	R. Doeblер Дайындық мектебінің Бас директоры		
Өзара байланысты күжаттар	1. APP for Graduate programs		

1. Жалпы ережелер

1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Магистратура бағдарламаларының дайындық жылына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер (бұдан әрі – «Қағидалар») «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес әзірленген.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар және қысқартулар:

1) **Университет** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы;

2) **Дайындық мектебі** – Назарбаев Университетінің Дайындық мектебі, Магистратура бағдарламаларының дайындық жылы ұсынылатын Университеттің академиялық бөлімшесі;

3) **Магистратура бағдарламаларының дайындық жылы** – Мектептерге тікелей түсу үшін тіл бойынша талаптарға сай келмейтін, Назарбаев Университеті магистратура бағдарламаларының әлеуетті студенттеріне арналған ағылшын тілін және басқа да пән курстарын жеделдетіп оқуды қамтитын, екі семестрлік күндізгі бағдарлама;

4) **Мектептер (Мектеп)** – магистр дәрежесі берілетін бағдарламаларды ұсынатын Назарбаев Университетінің Мектептері;

5) **IELTS** (Ағылшын тілі саласындағы білімді бағалаудың халықаралық жүйесі, академиялық нұсқа) – Британдық кеңес, «IDP Education» және «Cambridge English Language Assessment» бірлесіп әкімшілендіретін, ағылшын тілі бойынша білім деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;



6) **РО** – Регистратор офисі;

3. Осы Қағидаларда пайдаланылмайтын ұғымдар мен терминдер Университеттің ішкі құжаттарымен реттеледі.

4. Мектептер магистратура бағдарламаларының Дайындық жылына студенттерді қабылдау процесін жүзеге асыру кезінде өздерінің Қабылдау қағидаларын басшылыққа алады.

5. Дайындық мектебі құжаттаманы жүргізу және жинау, оның жай-күйін бақылау және Университет мұрағатына тапсырар алдында жауапты сақтау үшін жауапты болады.

2. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылына түсу

6. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылына студенттерді қабылдау Мектептің бағдарлама көлеміне және тиісті қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдау стандарттарына өзгерістердің кері күші болуы мүмкін.

7. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылына студенттерді қабылдау оларды Мектептің магистратура бағдарламасына қабылдаудың негізінде жүзеге асырылады, тиісінше басқа магистратура бағдарламасына немесе басқа Мектепке ауысуға рұқсат етілмейді.

3. Бірінші және екінші семестрдің оқу бағдарламасы

8. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылының академиялық жылы екі кезеңге: күзгі және көктемгі семестрге бөлінген. Күзгі семестрдің басында студенттерге бағдарлама талаптарына бейімделуге көмектесетін кіріспе/бағдарлау кезеңі жүргізіледі. Екі семестрдің, қорытынды емтихандардың күндері, сондай-ақ негізгі күндер магистратура бағдарламаларының Дайындық жылының ағымдағы жылға арналған академиялық күнтізбесінде келтіріледі.

9. Күзгі семестрдің ішінде барлық студенттер негізінен ағылшын тілін меңгеру және сыни тұрғыда ойлау дағдыларын дамытумен айналысады.

10. Көктемгі семестрде барлық студенттер ағылшын тілін меңгеру және сыни тұрғыда ойлау дағдыларын дамыту жұмысын жалғастырады. Осыған қосымша, барлық студенттер олардың біліктілік арттыру курс(тар)ынан өтеді

4. Бағалар

11. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылы курстары бағаларды қою және осы құжатта жазуды жүргізу стандарттарында көрсетілген баға қою критерийлеріне сәйкес бағаланады.



5. Бағаларды қою және жазбаларды жүргізу стандарттары

12. Келесі әріптік белгілер, пайыздық мәндер мен сипаттама қолданылатын болады. Келесі әріптік белгілер, балдар, пайыздық мәндер қолданылады. Төменде көрсетілген ақпаратты Дайындық мектебінің персоналы магистратура бағдарламаларының Дайындық жылының студенттеріне ұсынады, сондай-ақ олардың оқу бағдарламасына енгізіледі.

Әріптік белгілер	Балл	Пайыздық мәні	Сипаты
A	4.00	95 – 100%	Өте жақсы; тапсырмаға немесе курсқа қолданылатын жоғары стандарттардан астам.
A-	3.67	90 – 94%	Өте жақсы; тапсырмаға немесе курсқа қолданылатын жоғары стандарттарды қанағаттандырады.
B+	3.33	85 – 89%	Өте жақсы; тапсырманың немесе курстың жоғары стандарттарына сәйкес келеді.
B	3.00	80 – 84%	Жақсы: тапсырма немесе курс стандарттарының көбісіне сәйкес келеді.
B-	2.67	75 – 79%	Қолдануға болады: тапсырманың немесе курстың көптеген стандарттарына сай келеді, бірақ өту балы үшін жеткіліксіз.
C+	2.33	70 – 74%	Қолдануға болады; тапсырманың немесе курстың кейбір стандарттарына сәйкес келеді, бірақ өту балы үшін жеткіліксіз.
C	2.00	65 – 69%	Жеткіліксіз; тапсырманың немесе курстың кейбір стандарттарына сәйкес келуі мүмкін.
C-	1.67	60 – 64%	Жеткіліксіз; негізгі стандарттарға барынша толық сәйкес келмейді.
D+	1.33	55 – 59%	Жеткіліксіз; негізгі стандарттарға сәйкес келмейді.
D	1.00	50 – 54%	Қанағаттанарлықсыз: тапсырма немесе курс бойынша түсіну және үлгерімнің ең төменгі деңгейін көрсетеді.
F	0.0	0 – 49%	Есептелмейді; тапсырма немесе курс бойынша түсінбегенін және үлгерімі нашарлығын көрсетеді.



6. Әкімшілік бағалар

13. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылы деңгейінде транскрипттермен бірқатар арнайы әкімшілік бағалар пайдаланылады. Төменде көрсетілген осы әкімшілік белгілер GRA есептеу кезінде ескерілмейді.

1) **“I” – Аяқталмады** – Егер студент курс талаптарының елеулі бөлігін орындап, бірақ жеңілдетілетін жағдайларға байланысты барлық талаптарды орындай алмаса, курстың оқытушысы «Аяқталмады» (I) деген уақытша баға қоя алады. «I» бағасы курстың студенттері мен оқытушысының арасындағы алдын ала жазбаша келісімнің негізінде ғана қойылуы мүмкін және оны Дайындық мектебінің Бас директоры бекітуге тиіс. Келісімде күтілетін қосымша жұмыс және оны орындау талаптары көрсетілетін болады. Келісім шарттарын сақтамағанда студент орындалған жұмысының негізінде баға және семестр соңында бағалар алады. «I» деген бағаға 0 (нөл) балл беріледі және ол жалпы орташа балды есептеуде қамтылмайды. «I» деген баға аясында орындалуы тиіс жұмыс аяқталғанда оқытушы «I» деген бағаны курс үшін тиісті бағаға өзгертуді сұрауға тиіс. Оқытушы РО хабардар етеді, ол жаңа бағаны тіркейді. «I» деген баға Мектеп белгілеген уақыт кезеңі ішінде жасалуы тиіс. Егер студент көрсетілген мерзімде «I» деген баға үшін талап етілетін жұмысты орындамаса, баға сәйкесінше ДМ белгілеген деңгейге (мысалы, «C») түсіріледі, бұл тиісті балмен (мысалы, 2.0) студенттің жалпы орташа балын есептеуге енгізіледі. Бұрынғы «I» деген баға оқытушы жаңа баға қойғаннан кейін немесе ДМ белгілеген тиісті деңгейге көшу арқылы студенттің транскриптінен алынып тасталады.

2) **“AW” – Әкімшілік оқудан шығару.** “AW” студенттің НУ студенттерінің мінез-құлық кодексінде көрсетілген рәсімдер мен стандарттарға сәйкес тәртіптік негізде курстан оқудан шығарылатынын көрсетеді.

3) **“S” – Қанағаттанарлық.** Бұл баға студенттің академиялық қызметтің барлық салаларында жеткілікті жетістіктерін көрсеткенін білдіреді.

4) **“NS” – Қанағаттанарлықсыз.** Бұл баға студенттің академиялық қызметтің барлық салаларында жеткілікті жетістіктерін көрсетпегенін білдіреді.

7. «Алаңдаушылық білдіру үшін негіздеме» есептері

14. Курстың оқытушылары аға оқытушыға оқу жылы ішінде тұрақты негізде академиялық үлгеріміне, сабаққа қатысуына немесе мінез-құлқына қатысты «алаңдаушылық білдіру үшін негіздемесі» бар студенттер туралы хабарлауы тиіс.

15. «Алаңдаушылық білдіру үшін негіздеме» есеп нысаны осы құжатқа 1-қосымшада келтірілген.

8. Қорытынды бағалар

16. Әрбір студент семестр соңында өткен курсы бойынша қорытынды бағаларын алады.



17. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылының әкімшілігі «менің» тіркелу дерекқорым» бағдарламасы арқылы магистратура бағдарламаларының Дайындық жылының академиялық күнтізбесінде көрсетілген белгілі бір күні сағат 17:00-ге дейін студенттерге қорытынды бағаларын беруі тиіс. ОР магистратура бағдарламаларының Дайындық жылының академиялық күнтізбесінде көрсетілген күні қорытынды бағаларды студенттерге ұсынады.

9. Бағаны өзгерту

18. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылына магистратура бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдерде 7 және 8-бөлімдерде көрсетілген қағидалар мен рәсімдер қолданылады, онда «Мектеп деканы» және «Декан» ДМ-ның Бас директорымен ауыстырылған.

10. Сабаққа қатысу және үлгерім

19. Сабаққа қатысу саясатын бұзған студент бағдарламадан шығарылуы тиіс. Сабаққа қатысу саясаты барлық сабақтардың кемінде 90%-ына қатысуды талап етеді. Бұл көрсеткішті оқытушылар мен персонал тұрақты бақылайды.

20. Студенттің Университеттің бекітілген ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бағдарламадан ерікті түрде шығуына құқығы бар.

21. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылының студенті өзі қабылданған Университеттің магистратура бағдарламасының студенті, бірақ шартты мәртебесі бар студент болып саналады. Шартты мәртебесін өзгерту үшін студент магистратура бағдарламасына оқуға алу талаптарын орындауға тиіс. Мектеп немесе Бағдарлама талаптарына сәйкес магистратура бағдарламаларының Дайындық жылына қабылдау саясаты былайша жүзеге асырылады: студент ағылшын тілі бойынша барлық курстарды кем дегенде В деген бағамен (немесе 80%, егер магистратура бағдарламасы IELTS жалпы балл – 6,5-ті талап етсе) немесе В+ деген бағамен (немесе 85%, егер магистратура бағдарламасы IELTS жалпы балл -7,0-ді талап етсе) және де егер қолданылса, бағдарламаның басқа да курс(тар)ын кем дегенде В деген бағамен тапсыруға тиіс. Осыған қосымша ретте, студенттер дәлелді себептермен сабақтарға қатыспауды есепке алмағанда, сабақтардың кем дегенде 90%-ына қатысулары тиіс. Егер магистратура бағдарламасының Дайындық жылы студентінің академиялық үлгерімі және/немесе сабаққа қатысуы осы талаптарға сай болмаса, онда ол Университеттің ішкі қағидаларына сәйкес бағдарламадан шығарылуы тиіс. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылын аяқтамаған және дипломнан кейінгі білімін жалғастыра алмайтын студенттердің келесі академиялық жылы Университеттің магистратура бағдарламаларына тікелей түсуге құқығы бар.

22. Мұндай жағдайда, егер студент жоғарыда аталған талаптардың барлығын орындаса, оның шартты түрде қабылданғаннан мәртебесін РО



«қабылданды» деген мәртебеге ауыстырады да, өз кезегінде тиісті Мектептің Деканын студент мәртебесінің өзгергені туралы хабарлайды.

11. Курсты бағалау

23. «Курстың бағасы» дегеніміз нақты тәсілдерді пайдалануға қарамастан, студенттің оқуын ресми түрде және жалпы бағалау болып саналады. Емтихандар, оның ішінде қорытынды емтихандар мыналарды қамтуы мүмкін: сыныпта өткізілетін емтихандарды, үйде жазылатын эссені, ауызша емтихандарды немесе баяндамалар, жобалар немесе белгіленген оқу нәтижелеріне сәйкес олардың үйлесімі сияқты басқа да тиісті жұмыстарды қамтуы мүмкін. Бағалау түрін таңдауда студенттің бағаланатын материалы, сондай-ақ бағдарлама мен курста оқу нәтижелері басшылыққа алынады.

24. Семестр ішіндегі емтихандар әдетте күнделікті сабақ уақытында өткізіледі.

25. Сабақтан тыс, атап айтқанда жұма сайын 16:30-дан кейін немесе сенбі не жексенбіде кез келген уақытта өткізілетін емтихандар Бас директордың тарапынан бекітілуі тиіс. Егер емтихан сабақтан тыс уақытта өткізілген жағдайда, ДМ әкімшілігі оның өткізілуіне дейін кем дегенде екі апта қалғанда емтиханның күні мен уақытын хабарлауға тиіс.

26. Барлық жоспарланған емтихандар магистратура бағдарламаларының Дайындық жылының ресми емтихан кезеңі ішінде өткізіледі.

27. Курстың оқытушылары барлық орындалған курстық жұмыстарды уақтылы қайтарып отырады (әдетте, 15 ішінде) немесе студенттерді қорытынды емтихандарға даярлау үшін қажетті кері байланысты ұсынады.

28. Студенттер емтихан басталғанға дейін кем дегенде он (10) минут бұрын емтихан залында болуға тиіс.

29. Емтиханның нақты қағидалары мен рәсімдері студенттерге бөлек құжатта беріледі. Бұдан басқа, емтихандарды әкімшілендіруге қатысты барлық қағидалар студенттерге емтихан басталғанға дейін түсіндірілетін болады.

30. Барлық емтихандар ағылшын тілінде өткізіледі.

31. Емтиханға қатыспаған студенттер нөл (0) деген балл алады.

32. Бағалаудың басқа түрлеріне қатыспаған немесе курстық жұмысты тапсырмаған студенттер нөл (0) деген балл алады.

33. Егер студент емтиханға немесе басқа да бағалау нысанына дәлелді себептермен қатыса алмаса, онда студент барынша қысқа мерзімде және қорытынды баға қойылғанға дейін жеңілдетілген жағдайлар нысанын қарау толтыруға тиіс. Жеңілдететін жағдайларды қарау үшін нысан 2-қосымшада көрсетілген.

34. Қорытынды емтихан жұмысы одан әрі қайта қарау мақсатында сенімді жерде сақталады. Осы емтихан жұмыстары емтихан жұмыстарын сақтауға қатысты Университет саясатына сәйкес сақталады.



12. Студенттерге арналған емтихан қағидалары

35. Студент емтихан залына кіру кезінде магистратура бағдарламаларының Дайындық жылы студентінің қолданыстағы сәйкестендіру карточкасын ұсынуға және емтихан өтіп жатқанда осы карточканы емтихан үстеліне қоюға тиіс.

36. Студенттер емтихан алушылар, супервайзерлер, кезекшілер мен емтиханды өткізу үшін жауапты басқа да тұлғалар ұйғарған барлық қағидаларды сақтауға тиіс. Мына қағидалар барлық емтихандарға қолданылады:

1) емтихан залында кезекшіден басқа кез келген адаммен сөйлесуге тыйым салынады.

2) студенттерге емтиханда арнайы пайдаланылатын құралдардан басқа, емтихандарға ұялы телефондар, смарт-сағаттар, фотоаппараттар, пейджерлер немесе басқа да электронды құралдарды әкелуге рұқсат етілмейді.

3) студенттер емтихан үшін бөлінген уақыт аяқталғанға дейін жұмысты аяқтауға тиіс. Бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін жұмысты жалғастыру академиялық бұзушылық ретінде бағаланады және Университет студентінің мінез-құлық кодексінде көрсетілген тәртіптік шаралар мен жазаларға сәйкес жазаланады.

4) басқа студенттерге жауаптар немесе ақпарат беру өрескел академиялық бұзушылық болып саналады. Басқа студенттерге көмектесетін студенттер Университет студентінің мінез-құлық кодексінде көрсетілген тәртіптік шаралар мен жазалардың субъектілері болады.

5) студенттер өзімен бірге емтихан залына заттаңбасыз суы бар шөлмек алып келе алады. Студенттерге емтихан залына басқа тамақ немесе сусындар әкелуге рұқсат етілмейді. Емтиханның өту барысында қажет болатын дәрі-дәрмектерді қабылдау басшылықпен немесе басқылаушымен келісілуі тиіс.

13. Бағдарламаға шолу

37. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылы сапаны бақылауды қадағалау тәсілі ретінде бағдарламаларға тұрақты шолуларды көздейді. Сарапшылардың міндеттерін, сондай-ақ бағдарламаларға шолу жүргізу тәсілі мен жиілігін ДМ-ның Бас директоры белгілейді және олар Университеттің қағидалары мен ережелеріне сәйкес белгіленеді.

14. Оқудан шығару және ерікті түрде оқудан шығу

38. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылына магистратура бағдарламаларына арналған оқудан шығару және ерікті түрде оқудан шығуға қатысты академиялық қағидалар мен рәсімдер қолданылады.



15. Академиялық демалыс

39. Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылы өз студенттеріне тек медициналық және отбасы жағдайлары бойынша ғана магистратура бағдарламаларының академиялық қағидалары мен рәсімдеріне сәйкес академиялық демалыс береді.

16. Қосымша мәселелер мен ақпарат

40. Осы құжаттың аясында қарастырылмаған кез келген мәселелер магистратура бағдарламаларының академиялық қағидалары мен рәсімдеріне және басқа да ішкі қағидалар мен ережелерге сәйкес реттеледі.



Магистратура
бағдарламасының
Дайындық жылына арналған
академиялық қағидалар мен
рәсімдерге 1-қосымша

Магистратура бағдарламасының Дайындық жылы «Алаңдаушылық білдіру үшін негіздеме» есептері

Магистратура бағдарламаларының Дайындық жылы студентінің академиялық үлгеріміне, мінез-құлқына және жалпы физикалық/психикалық денсаулығына қатысты есепті жасау үшін осы нысанды пайдаланыңыздар. Осы есепті жасау алдында туындаған проблемаларды тікелей студенттің өзімен талқылауға тырысу керек. Егер жүргізілген әңгімелесуден кейін студенттің академиялық үлгерімі, қарым-қатынасы немесе мінез-құлқы өзгермесе, онда мұндай жағдайда осы нысанды толтырып, әкімшілік офісіне қарауға ұсыну керек.

Студент туралы ақпарат

Студенттің ТАӘ:

Топ:

Студенттің электрондық поштасының мекенжайы:

Оқытушының ТАӘ:

Оқытушының электрондық поштасы:

Алаңдаушылық білдіру себебінің жалпы сипаты

Академиялық
үлгерім

Сабаққа
қатысу нашарлығы

Сыныптағы
мінез-құлқы

Қателер/курстық жұмысты тапсырмау

Жағдайы

Басқа (сипаттаңыз)

Алаңдаушылық білдіру сипаты

Күні:
зертхана және тағы басқалар)

орны: (мысалы, консультациялар / сынып



Тәлімгер талап ететін іс-әрекеттерге қысқаша шолу – 1-қадам

-
-
-

Берілетін ұсынымдар (тиісті нұсқаны белгілеңіз)

- Пән жетекшісі (академиялық мәселелерге қатысты: үлгерім / сабаққа қатысу / курстық жұмыс)
- Студенттерге кеңес беру бойынша Аға оқытушы (Тәлімгер офисіне жүгінуді немесе дәрігерлік араласуды талап ететін жағдайдың мәселелеріне қатысты)
- Бас директоры немесе Бас директорының орынбасары (студент өзіне немесе басқаларға қауіп төнгенде өте шұғыл жағдайда)

Қабылданған іс-әрекет – 2-қадам**Қандай да бір қосымша іс-әрекеттер талап етіле ме? Қай тараптан? – 3-қадам**

Құпия: тек қана офисте пайдалану үшін және студенттің ісіне қоса беріледі

Есеп алынды

Күні

Кейінгі іс-әрекеттер (күнін, қабылданған іс-әрекетті және кім жасағанын көрсетіңіз)

Қажет болғанда, сіз қосымша парақтарды да қоса бере аласыз.



Магистратура бағдарламасының
Дайындық жылына арналған
академиялық қағидалар мен
рәсімдерге 2-қосымша

БОЛҒАН ЖЕҢІЛДЕТІЛЕТІН ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚАРАУҒА СҰРАУ САЛУ

Студент туралы ақпарат

ТАӘ			
Жеке куәлігі		Эл. мекенжайы	
Тел.		Мектеп	

Бағалаудың қаралып отырған элементі (қажет болған кезде сіз келесі бетте жалғастыра аласыз)

Курс	Бағалау түрі (мысалы, емтихан)	Орындалу күні	Бағалаудың үлесті мәні

Қарау үшін ұсынылған жеңілдетілетін жағдайлар (қажет болған кезде сіз келесі бетте жалғастыра аласыз)

Сіздің пікіріңізше, өзіңіздің академиялық үлгеріміңізге әсер еткен жағдайды нақты сипаттап беріңіз

Осындай жағдайлардың әсерінде болған күндеріңізді нақты көрсетіңіз.

Болған жеңілдетілетін жағдайларды қарауға сіздің сұрау салуыңызды қолдауда сіз қоса беретін, растайтын құжаттаманы көрсетіңіз

Студенттің өтініші: Мен ұсынылған ақпарат дұрыс әрі шынайы екенін растаймын. (Дұрыс емес немесе жалған ақпаратты ұсыну Студенттердің мінез-құлық кодексін бұзу болып табылатынын және академиялық адалдық мәселелері жөніндегі комитет тарапынан тиісті іс-әрекеттер қабылдануына әкеп соғуы мүмкін екендігін растаймын.)

Қолы _____ Күні _____

Алынды _____ Күні _____

Жеңілдетілетін жағдайларды қарау тобының ұсынымы

Осы өтінімге қатысты топ мынадай іс-әрекеттер қабылдауды ұсынады:

Төраға _____ Күні _____

